

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Отырар ауданының тұсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы  
тұсуіне, бюджет қаржыларының жұмсалуына және бюджеттік  
бағдарламаларының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-  
шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ  
2025 ЖЫЛ**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар

#### **3.4. Қосымша:**

- 1) Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі;
- 2) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;
- 3) «Отырар ауданының түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуіне, бюджет қаржыларының жұмсалуына және бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына аудит жүргізу» мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар тізбесі 3 парагата (*№3-1 қосымша*);
- 4) Мемлекеттік аудит және аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында қалпына келтірілген, өтелген қаржылар туралы, сондай-ақ көрілген тәртіптік шаралар туралы мәліметтер 8 парагата (*аудиторлық қорытындыға №1 қосымша*);
- 5) Аудиторлық іс-шараның қорытындысымен әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға жолданған 11 материалдар туралы, сондай-ақ уәкілетті органдармен қабылданған шаралар бойынша мәліметтер 3 парагата (*аудиторлық қорытындыға №2 қосымша*).

**Түркістан облысы бойынша  
тексеру комиссиясының  
төрағасы  
Ғ.Тапеевке**

**«Отырар ауданының тұсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы  
тұсуіне, бюджет қаржыларының жұмсалуына және бюджеттік  
бағдарламаларының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық  
іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Отырар ауданының тұсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы тұсуіне, бюджет қаржыларының жұмсалуына және бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына аудит жүргізу.

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Отырар ауданы бойынша бюджет қаржыларының жоспарлануы мен бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы тиімділігі, сондай-ақ тұсімдердің аудандық бюджетке толық және уақтылы тұсуін талдау.

**1.3.Мемлекеттік аудиттің объектілері:**

«Отырар ауданының мәслихат аппараты» ММ, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданы әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданы әкімдігінің «Қоғам ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Қарғалы ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Аққұм ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Отырар ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Маяқұм ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Темір ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Шілік ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Талапты ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Кексарай ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Балтакөл ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Қарақоңыр ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Отырар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Отырар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету» «Тең қоғам» КММ (бұдан әрі – Тең қоғам КММ), Отырар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ««Белсенді ұзақ өмір» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ (бұдан әрі – Белсенді ұзақ өмір КММ), «Отырар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, «Отырар ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ, Отырар ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ (бұдан әрі – Жастар ресурстық орталығы КММ), «Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімінің «Отырар

аудандық мәдениет сарайы» МКҚК (бұдан әрі – *Мәдениет сарайы МКҚК*) (*устеме тексеру*), Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Отырар аудандық орталықтандырылған «Отырар» кітапхана жүйесі» КММ (бұдан әрі – *Отырар кітапхана жүйесі КММ*), Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ (бұдан әрі - *Тілдерді оқыту және дамыту орталығы КММ*), Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Отырар спорт клубы» КММ (бұдан әрі – *Отырар спорт клубы КММ*), «Отырар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар қызмет» МКК (бұдан әрі – *Отырар қызмет МКК*) (*устеме тексеру*), Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар-2050» КММ (бұдан әрі – *Отырар-2050 КММ*), «Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ, «Отырар ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, «Отырар ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі» ММ және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РМК (бұдан әрі – *Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы*).

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2022 – 30.06.2024 жылдар аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2024 жылға арналған тізбесіне сәйкес «Отырар ауданының түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсіуіне, бюджет қаржыларының жұмсалуына және бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы аясында, Түркістан облысының Отырар ауданындағы 33 аудит объектілеріне (оның ішінде респубикалық мемлекеттік мекеме - 1, мемлекеттік мекеме - 23, коммуналдық мемлекеттік мекеме - 7, мемлекеттік коммуналдық қазыналық қасіпорын - 1 (*устеме тексеру*), мемлекеттік коммуналдық қасіпорын - 1 (*устеме тексеру*)) 2024 жылдың 05 қарашасынан 27 желтоқсаны аралығында тиімділік, сәйкестік аудиті жүргізілді.

Отырар ауданы – Түркістан облысының батысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. Батысында Қызылорда облысымен, солтүстігінде Сауран ауданымен, шығысында Ордабасы ауданымен, оңтүстік-шығысында Арыс қаласына қарасты аумақпен, Оңтүстүгінде Шардара ауданымен, Оңтүстік батысында Өзбекстан Республикасымен шектеседі. Жер аумағы 16,8 мың км<sup>2</sup> (облыстың 14,4%). Тұрғын халқы 51,6 мың адам (2023).

Отырар ауданының бай тарихы бар. Аудан көне тарихтағы Ұлы Жібек жолы бойындағы Түркістан облысының батыс жағына орналасқан. Тарихта тенденсі жоқ, XII ғасырдың тарихи ескерткіші «Арыстанбаб» кесенесі осы өнірде.

Аудан орталығы облыс орталығынан 70 шақырым, темір жол бекетінен 8 шақырым жерде орналасқан. Әкімшілік орталығы – Шәуілдір ауылы. Аудан

құрамына 38 елді мекен кіреді және 13 (*Ақтөбе, Аққұм, Балтакөл, Көксарай, Қарақоңыр, Қоғам, Қарғалы, Маяқұм, Отырар, Талапты, Темір, Шауілдір, Шілік*) ауылдық округтерге біріктірілген.

Аудан құрғақшылықты жазымен, сондай-ақ әр маусымдағы ауа-райының жылдам құбылмалылығымен ерекшеленеді. Ауданың жер бедерін Сырдария, Арыс өзендері қиып өтіп, оның гидрогеологиялық жағдайы Сырдария, Арыс, Бөген, Шаян өзендерінің су қорына тәуелділікте болып отыр.

Отырар ауданының негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы саласы болып табылады.

Ауданың бірегей бәсекелестік артықшылықтар әлеуетін құрайтын маңызды ресурстары бар. Оның ішінде жалпы халық санының 63,4 % құрайтын еңбекке қабілетті тұрғындар да бар. Табиғи пайдалы қазба қоры уран болып табылады.

Ауданың әлеуметтік - экономикалық дамуы статистикалық мәліметтер бойынша оң динамикасы сақталуда.

Яғни, Отырар ауданының әлеуметтік - экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жалпы өнірлік өнім көлемі (*бұдан әрі - ЖӘӨ*) 2022 жылы 67,0 млрд. теңге болса, 2023 жылы 80,0 млрд. теңгені құрап, 13,0 млрд. теңгеге немесе 19,4 % артқан. Адам басына шаққандағы ЖӘӨ 2022 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1 299,0 мың теңгеден 1 550,0 мың теңгеге артқан.

Аудан халқының саны 2023 жылғы 1 қаңтарға 51 597 адамды құраса, 2024 жылдың 1 қаңтарына 51 636 адамды құрап, 2022 жылмен салыстырғанда халық саны 39 адамға көбейген.

Аудан кәсіпорындарымен 2023 жылы 20,5 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, 2022 жылға қарағанда нақты көлем индексі 100,1 % құраған.

Ауданың ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2023 жылы 40,8 млрд. теңгені құрап, бұл көрсеткіш 2022 жылмен (35,5 млрд. теңге) салыстырғанда 5,3 млрд. теңгеге артқанымен нақты көлем индексі – 96,3% құраған.

Аудан шаруашылығында сиыр – 36,6 мың, қой мен ешкі – 364,5 мың, жылқы – 19,5 мың, түье – 10,4 мың және 51,3 мың бас құс ұсталады.

**Отырар ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі  
көрсеткіштерін талдау**

Көрсеткіштер	2022 жыл			2023 жыл		
	млн.теңге	ЖӘӨ үлесі, %	2021ж НКИ	млн.теңге	ЖӘӨ үлесі, %	2022ж НКИ
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	18 849,2	28,1	108,0	20 462,2	25,6	100,1
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы	35 503,7	53,0	104,2	40 824,5	51,0	96,3

Күрілys жұмыстарының көлемі	8 613,6	12,9	249,0	13 957,1	17,4	164,5
Бөлшек сауда айналымы	4 059,2	6,1	101,9	4 790,9	6,0	101,9
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	24 948,2		152,2	34 653,0		131,8

Кестеден көрініп тұрғандай, Отырар ауданы экономикасының негізгі бағыты ауыл шаруашылығы болып табылады (*ЖӘӨ жалпы көлеміндегі үлес салмағы 2022 жылы 53,0%, 2023 жылы 51,0%*). Бұл ретте, 2023 жылы ауыл шаруашылығының және өнеркәсіптің ЖӘӨ үлесі 2022 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 2,0 және 2,5 пайыздық тармақта төмендегені байқалады.

Түркістан облысының ауыл шаруашылығының жалпы көлеміндегі Отырар ауданының үлес салмағы 2022 жылы 3,9 %, 2023 жылы 3,1 % құраған.

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемінен өсімдік шаруашылығы өнімдері басым рөл атқарады (2022 жыл 60,9% немесе 21 622,3 млн. теңге, 2023 жыл 60% немесе 24 504,8 млн. теңге), мал шаруашылығы өнімі екінші орында (2022 жыл 39,1% немесе 13 881,4 млн. теңге, 2023 жыл 40% немесе 16 319,7 млн. теңге).

Ауданының негізгі капиталына инвестициялар көлемі 2023 жылы 34 653,0 млн. теңгені құраған, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 9 704,8 млн. теңгеге артық.

## 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 33 аудит объектілерінде барлығы 12 869 949,2 мың теңге (2022 жылғы – 4 022 510,0 мың теңге, 2023 жылғы – 6 287 408,2 мың теңге, 01.01-30.06.2024 жыл аралығына – 2 560 031,0 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен – **547 324,2 мың теңгені** құрайтын (бюджетке түсетін түсімдер, өтеуге, қалпына келтіруге жетатын қаржылық және тиімсіз жоспарлау мен тиімсіз пайдалану бойынша) бұзушылықтар анықталды (жалпы қамтылған қаржының 4,3 %).

Оның ішінде:

- барлық қаржылық бұзушылықтар **207 023,8 мың теңгеге** (қалпына келтірілуге жетатын қаржы көлемі 172 624,8 мың теңге, өтелуге жетатын қаржы көлемі 34 399,0 мың теңге) 30 аудит объектісінде;
- тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **133 672,8 мың теңгеге** 9 аудит объектісінде;
- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **133 829,9 мың теңгеге** 5 аудит объектісінде анықталды;
- сонымен қатар 1 аудит объектісінде бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы **72 797,7 мың теңгені** құрады.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **172 624,8 мың теңге** қалпына келтіріліп, **104 216,0 мың теңге** өтелген.

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 118 бірлікті құрады (оның ішінде бюджет заңнамасы бұзушылықтары 61 бірлік, бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде

заннама бұзушылықтары 19 бірлік және өзге де салалық заннама бұзушылықтары 38 бірлік).

Бұдан бөлек, 11 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар әкімшілік іс жүргізуі қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жолданып, нәтижесінде 10 материал бойынша 1 930,0 мың теңге айыппұл салынса, 1 материал бойынша әкімшілік іс қозғаудан бас тартылған.

### *Аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері болінісінде анықталған қаржылық бұзушылықтар туралы*

Іссапар жұмыс берушінің бұйрығы (өкімі) бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ қызметкерді басқа жерге окуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу болып табылады.

**1-тармақ.** Алайда, аудит барысында іссапар шығындарына негіз болып табылатын мекеме басшысының бұйрығы (өкімі) қабылданбай іссапар шығындары төленгендігі немесе мекеме басшысының бұйрығы (өкімі) қабылданған жағдайда да іссапар шығындары артық төленгендігі анықталды.

Яғни, іссапарға жіберілген қызметкердің шығыстарын төлеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 санды қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3, 4-тармақтарының талаптары сақталмай, мемлекеттік аудит барысында **9 мекемеде мекеме қызметкерлеріне 396,9 мың теңге іссапар шығындарына артық аударылған**. Атап айтқанда:

- Қоғам ауыл округі әкімінің аппаратында 33,7 мың теңге;
- Қарғалы ауыл округі әкімінің аппаратында 55,1 мың теңге;
- Талапты ауыл округі әкімінің аппаратында 27,6 мың теңге;
- Көксарай ауыл округі әкімінің аппаратында 41,9 мың теңге;
- Балтакөл ауыл округі әкімінің аппаратында 53,4 мың теңге;
- Қарақоңыр ауыл округі әкімінің аппаратында 34,5 мың теңге;
- Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімінде 12,9 мың теңге;
- Отырар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде 102,0 мың теңге;
- Отырар кітапхана жүйесі КММ-де 35,8 мың теңге.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 79 бабының 1-тармағында «Жұмыс беруші жұмыскердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытын есепке алуды жүргізуге міндетті» және 103 бабының 1-тармағында «Жұмыскердің айлық жалақысының мөлшері жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың курделілігіне, санына және сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына қарай сараланып белгіленеді. Айлық жалақының мөлшері ең жоғары мөлшермен шектелмейді. Жалақы жұмыскерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында есепке алынған нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді» делінген.

**2-тармақ.** Алайда, аудит жүргізу барысында 17 мекемеде еңбек ақы мен сауықтыру жәрдемақысына нақты төленуі тиіс қаржыдан бөлек мекеме қызметкерлеріне 32 253,9 мың теңге еңбек ақы мен сауықтыру жәрдемақысынан артық қаржы аударылғандығы анықталды. Атап айтқанда:

- Ақкүм ауыл округі әкімінің аппаратында 58,7 мың теңге;
- Отырар ауыл округі әкімінің аппаратында 21,6 мың теңге;
- Маякүм ауыл округі әкімінің аппаратында 146,3 мың теңге;
- Темір ауыл округі әкімінің аппаратында 20,0 мың теңге;
- Шілік ауыл округі әкімінің аппаратында 29,9 мың теңге;
- Талапты ауыл округі әкімінің аппаратында 18,9 мың теңге;
- Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппаратында 3589,3 мың теңге;
- Тен қоғам КММ-де 21 225,8 мың теңге;
- Белсенді ұзақ өмір КММ-де 4 203,7 мың теңге;
- Отырар ауданының көсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде 60,5 мың теңге;
- Отырар ауданының ішкі саясат бөлімінде 120,9 мың теңге;
- Жастар ресурстық орталығы КММ-де 535,1 мың теңге;
- Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімінде 22,5 мың теңге;
- Мәдениет сарайы МКҚК-да 424,5 мың теңге;
- Отырар кітапхана жүйесі КММ-де 23,0 мың теңге;
- Отырар спорт клубы КММ-де 1 700,3 мың теңге;
- Отырар ауданының жер қатаистары бөлімінде 52,9 мың теңге.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің (*бұдан әрі – Бюджет кодексі*) 97 бабы 6-тармағының, Еңбек кодексінің 88 бабы және 103 бабы 1-тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы З тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының (*бұдан әрі – Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары*) 187-тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 215-тармағының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес, қаржы жағдайы – қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады.

Сондай-ак, Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты

ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс.

Ал, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамызыдағы №468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларында (*бұдан әрі – Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидалары*), қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай:

- есепті кезеңдегі барлық операциялардың толық және шын мәнінде көрініс табуы;

- кірістер мен шығыстардың есепті кезеңдерге жатқызылуының дүрыстығы;

- талдамалық есепке алу деректерінің есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бірінші күніне синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға тең болуы;

- көрсеткіштердің ұқыпты толтырылуы және өшірулер мен бояуларға жол берілмеу талаптары сақталуы тиіс. Қателер түзетілген жағдайда түзету күнін көрсете отырып, қаржылық есептілікке қол қойған тұлғаның растауымен тиісті жазбалар жасалатыны айтылған.

**3-тармақ.** Алайда, 10 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде **жалпы сомасы 167 287,4 мың теңгеге бұрмалаушылықтар** (кредиторлық және дебиторлық қарыздар көрсетілмеген, бухгалтерлік есеп жазбаларында анықталған қателерді түзету операциялары негізсіз жасалған, қорлар мен активтерді негізсіз есептен шыгарған, ұзақ мерзімді қаржы инвестициялар мекеменің шоғырландырылған бухгалтерлік балансында көрсетілмей жасағдайлары) орын алыш, қаржылық бұзушылықтарға жол берген.

#### Анықтама ретінде:

1) Отырар ауыл округі әкімінің аппаратында 88,2 мың теңгеге түзету операциялары негізсіз жасалған;

2) Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппаратында 344,0 мың теңгеге қорлар негізсіз есептен шыгарған;

3) Шілік ауыл округі әкімінің аппаратында 224,7 мың теңгеге қорлар негізсіз есептен шыгарған;

4) Отырар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік багдарламалар бөлімінде 5 801,5 мың теңгеге дебиторлық берешек пен кредиторлық берешек негізсіз жасырылған;

5) Тең қогам КММ-де 98 437,8 мың теңгеге дебиторлық берешек пен кредиторлық берешек негізсіз жасырылған;

6) Белсенді ұзақ өмір КММ-де 21 143,4 мың теңгеге дебиторлық берешек пен кредиторлық берешек негізсіз жасырылған;

7) Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының тұрғын уй-коммуналдық шаруашылық, жсолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінде 31 286,4 мың теңгеге ұзақ мерзімді қаржы инвестициялар мекеменің шоғырландырылған бухгалтерлік балансында көрсетілмеген;

8) Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар-Қызмет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынында бухгалтерлік есепте барлығы 7 800,0 мың теңгеге активтердің әділ құны бойынша көрсетілуін қамтамасыз етпеген;

9) Отырар-2050 КММ-де 951,8 мың теңгені құрайтын CPC-30 шанышқымен тиегіштің (Погрузчик с вилочным захватом) негізсіз есептен шыгарылған;

10) *Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар аудынының құрылышы, саулет және қала құрылышы болімі» мемлекеттік мекемесінде 1 209,6 мың теңгеге дебиторлық берешек пен кредиторлық берешек негізсіз жасырылған.*

Осылайша, Бюджет кодексінің 115 бабының 1, 2-тармақтарының, 116 бабының 1-4-тармағының, 117 бабының 1-4-тармағының, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандығы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының (бұдан әрі – Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңы) 4 бабының, 5 бабы 1-тармағының, 6 бабы 3-тармағының, 7 бабы 1-тармағының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының (бұдан әрі – Мүлік туралы Заңы) 127 бабы 1-тармағының, (IAS) 16 «Негізгі құралдар» Халықаралық қаржылық есептілік стандартының 31, 35, 39-тармақтарының, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидаларының 4, 12, 15, 18, 25, 196, 198, 223, 243, 275-тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бүйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шарттары жоспарының 10-тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 06 желтоқсандағы №640 бүйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілдегі органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының 31-тармағының және Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 27, 31-тармақтарының талаптары сақталмаған.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-XIII Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – Азаматтық Кодекс) 338-3 бабы, 1-тармағында «Сауда-саттық немесе өзге де міндеттемені орындау кезінде шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін кепілдік жарнаны төлеушінің кепілдік жарнаны алушыға беретін ақша сомасы кепілдік жарна болып танылады» делінген.

Осы Азаматтық Кодекстің 338-4 бабының 1-тармағында «Кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген міндеттеме төлеушінің кінәсінен орындалмаған кезде кепілдік жарна екінші тарапта қалады» делінсе, 2-тармағында «Кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген міндеттеме кепілдік жарнаны алушының кінәсінен орындалмаған не тараптардың келісімі бойынша немесе олардың кінәсінсіз орындаудың мүмкін болмауы салдарынан осы міндеттеме тоқтатылған кезде кепілдік жарна қайтарылуға жатады» делінген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы Заңы) 25 бабының 4-тармағына сәйкес, Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

1) конкурс женімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғанда;

2) конкурс женімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса отырып, конкурстық құжаттамада белгіленген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындағанда не тиісті түрде орындағанда, оның ішінде

уақтылы орындағанда бұғатталады және әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

Ал, осы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 25 бабының 5-тармағында «осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе онымен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есепке жатқызылады» дедінген.

Сонымен қатар, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 43 бабының 12-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылу кезеңінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда, тапсырыс беруші енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда қамтамасыз ету сомасын (болған кезде) өнім берушіге қайтарады.

Сондай-ақ, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 154-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуды түгендеу нәтижелері бойынша мынадай кредиторлық берешек:

кредитор таратылған жағдайда;

кредитор қарызды кешкен жағдайда, егер борыштан босату туралы шешімді кредит беруші мулкінің меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген тұлға қабылдаса;

мемлекеттік мекемеден өндіріп алуға сот бас тартса, оның ішінде талап ету мерзімінің өтіп кету себебінен есептен шығаруға жатады.

Мемлекеттік мекеменің басшысы есеп айырысаларды түгендеу актісін (онда басшының бұйрығына сәйкес комиссия құрамы, дебиторлардың және кредиторлардың атавы, берешектің сомасы, пайда болуын уақыты мен себебі көрсетіледі), сондай-ақ түгендеу комиссиясы хаттамасының негізінде бұл туралы он күн мерзімде бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне хабарлай отырып, дебиторлық және кредиторлық берешекті есептен шығару туралы шешім қабылдайды.

**4-тармақ.** Алайда, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар аудынының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен мердігерлерге, жеткізушілерге немесе тиісті бюджетке ақша қаражатын мониторингтеу және қайтару бойынша іс-шаралар жүргізу үшін салдарынан аудитпен қамтылған кезеңде KZ510705034723502001 депозиттік шотында 2014-2024 жылдары қалыптасқан 7 082,6 мың теңге мемлекеттік сатып алу конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету сомасы бүгінгі таңға дейін міндеттемесін толық орындаған әлеуетті өнім берушелердің есеп шоттарына немесе міндеттемелерін тиісті деңгейде орындаған жағдайда

конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне жолданбаған.

Аудит жүргізу барысында жоғарыда аталған кредиторлық берешектің 5 337,4 мың теңгесі салыстыру актілеріне сәйкес әлеуетті өнім берушілердің есеп шоттарына қайтарылса, қалған кредиторлық берешектердің **1 748,2 мың теңгесі бюджетке өтеді**.

Осылайша, Азаматтық Кодекстің 338-4 бабының 1, 2-тармақтарының, Мемлекеттік сатып алу туралы Занының 25 бабының 4, 5-тармақтарының, 43 бабы 12-тармағының және Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 154-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.

### ***Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар туралы***

Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында салық есептілігі мен салық декларациясының дұрыс есептелуіне аудит жүргізу барысында, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар-Қызмет» МКК-ның, Отырар-2050 КММ-нің және Отырар ауданы білім бөлімінің 14 бебекжай-бақшалары МКҚҚ-ның салық декларациясында 2022 жылдың I-IV тоқсандарына жалақы қорын және жергілікті бюджетке түсетін жеке тұлғадан ұсталатын жеке табыс салығын 0 ставкасымен көрсеткені анықталды.

Аудит кезеңінде 2024 жылдың желтоқсан айында электронды түрдегі салық есептілігін мемлекеттік кірістер органдары қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарламасымен мекеме мен кәсіпорындар тарапынан қосымша салық декларациясы тапсырылды.

**5-тармақ.** Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 351, 486 баптарының талаптары сақталмай, салық декларациясымен жергілікті бюджетке 101201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» салықтық сыныптама кодына қосымша салық есептеліп, аудит іс-шарасы барысында 35 895,3 мың теңгесі жергілікті бюджетке өндірілді және 415,3 мың теңгесі жергілікті бюджеттің артық төлем сомасы есебінен шегерілді.

Сонымен бірге 103101 «Әлеуметтік салық» салықтық сыныптама кодына қосымша салық есептеліп, аудит іс-шарасы барысында 35 878,0 мың теңгесі жергілікті бюджетке өндірілді және 609,1 мың теңгесі жергілікті бюджеттің артық төлем сомасы есебінен шегерілді.

Осылайша, бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың **жалпы сомасы 72 797,7 мың теңгені** құрады.

### ***Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты туралы***

**6-тармақ.** Бюджет кодексінің 4 бабының 9) тармақшасында көзделген негізділік қағидатын бұза отырып, аудитпен қамтылған кезенде 3 мекемеде шығыстарды қаржыландыру көлемін растайтын тиісті құжаттарсыз (бюджеттік өтінім, ақау актілері, сметалар және т.б.) анықталған.

Яғни, Бюджет кодексінің 3 бабы 1-тармағының 12-4) тармақшасына

сәйкес, бюджеттік өтінімдерде қамтылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпен нәтижесінде тиімсіз жоспарлаудың жалпы сомасы **34 105,0 мың теңгені** құрады. Атап айтқанда:

- Темір ауыл округі әкімінің аппаратында 9 817,0 мың теңге;
- Қоғам ауыл округі әкімінің аппаратында 18 852,0 мың теңге;
- Қарғалы ауыл округі әкімінің аппаратында 5 436,0 мың теңге.

Осылайша, Бюджет кодексінің 67 бабының 12, 12-1-тармақтары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бүйрекімен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының 2, 3, 5, 9-тармақтары сакталмаған.

Сонымен бірге, аудит барысында жүргізілген талдау бюджет қаржысының дұрыс жоспарланбауына байланысты нақтылауда қысқартылып, басқа бюджеттік бағдарламаларға қайта бағытталуы, тиімсіз жоспарлаудың орын алуына алып келгенін көрсетті.

Атап айтсақ, Бюджет кодексінің 4 бабының 6, 9, 12) тармақшасында көзделген нәтижелік, негізділік және тиімділік қағидаттарын бұза отырып, 3 мекемемен шығыстарды енгізу қажеттігін айқындайтын құжаттар негізінде жоспарламау салдарынан 42 000,0 мың теңге қаржының тиімсіз жоспарлануына әкеліп соққан. Жыл басында қаралған қаржылар жыл сонында қысқартылып, басқа бюджеттік бағдарламаға бағытталған. Атап айтқанда:

- Отырар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде 33 000,0 мың теңге (*Ақкүм және Маяқүм елді мекеніндегі ауыз су жүйелерін курделі жөндеу жұмыстарына ЖСҚ әзірлеуге 12 500,0 мың теңге қарастырылуына қарамастан осы атаптан 2 нысанды ағымдағы жөндеу жұмыстарына барлығы 33 000,0 мың теңге қаржы қарал, нәтижесінде бюджетті нақтылау барысында атаптан қаржы қысқартылып, қайта бағытталған*);

- Отырар ауданының жер қатынастары бөлімінде 8 000,0 мың теңге (*елді мекендердің шекарасын анықтау барысында ауыл округтерінің шаруашылық ішілік жұмыстары аяқталмай, бұл жұмысты бастау мүмкін емес болуына байланысты бюджетті нақтылау барысында аудандық мәслихаттың 28.09.2022 жылғы №19/107-VII шешімімен қысқартылған*);

- Отырар ауыл округі әкімінің аппаратында 1 000,0 мың теңге (*елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы бойынша ауыл округі тарапынан 2022 жылы 500,0 мың теңге, 2023 жылы 500,0 мың теңге қаржы жоспарлан, нәтижесінде қажеттілігі болмауына байланысты жыл сонында қасқартылған*).

Осы текстес, Жастар ресурстық орталығы КММ-нің азаматтық қызметшілеріне және азаматтық қызметшілердің қатарына жатпайтын жұмысшыларға еңбек ақы, өтемақы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдарға артық жоспарлау салдарынан 2023 жылдың қараша айында 111 «Еңбек ақы» ерекшелігі бойынша 3 130,0 мың теңге, 113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелігінен 1 850,0 мың теңге, 121 «Әлеуметтік салық» ерекшелігінен 470,0 мың теңге, 122 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелігінен 100,0 мың теңге, 124 «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар» ерекшелігінен 154,0 мың теңге,

жалпы 5 704,0 мың теңге қаржы қысқартылған.

**7-тармақ.** Осылайша, Бюджет кодексінің 3 бабының 1-тармағының 12-4) тармақшасының және 4 бабының 9), 12) тармақшаларының талаптары сақталмай, Мекеме тарапынан шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын құжаттар негізінде жоспарламау салдарынан **47 704,0 мың теңге қаржының тиімсіз жоспарлануына әкеліп соқкан.**

**8-тармақ.** Одан басқа, Бюджет кодексінің 4 бабы 12) тармақшасындағы тиімділік қағидатының талаптары сақталмай, Мәдениет сарайы МҚҚК-мен 2022 жылы 457003 «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасына қаралған 298 829,0 мың теңгенің жыл сонында **8 283,8 мың теңгесі** игерілмей, тиімсіз жоспарлау орын алған.

Сол сияқты, Отырар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 06 қарашадағы №240 және №241 қаулыларымен Отырар-2050 КММ-нің тенгеріміндегі мүліктер, оның ішінде 2023 жылы сатып алғынған құны 13 400,0 мың теңге тұратын бортовой тенттелген «ГАЗ-А22R33» автокөлігі Отырар қызмет МҚҚ-ның тенгеріміне берілсе, 2023 жылы сатып алғынған құны 27 100,0 мың теңге тұратын мамандандырылған ассенизаторлық «ZHUANWEI HTW5070GXEE6» автокөлігі және құны 3 080,0 мың теңге тұратын электр құбыр тазалағыш аппараты, Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар-Жылу» МҚҚ-ның тенгеріміне берілген.

Бұл ретте, Бюджет кодексінің 151 бабының 8-тармағына сәйкес бюджеттік инвестициялар:

1) техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей және техникалық жағынан күрделі емес және (немесе) үлгілік болуы мүмкін объектілерді құруға (салуға) және реконструкциялауға, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту арқылы саланы (салаларды) институционалдық дамытуға бағытталуы мүмкін.

Бюджет Кодексінің 154 бабының 1-тармағымен занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестиацияларды жоспарлау мынадай үш кезеңде жүзеге асырылады:

1) инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізу;

2) қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу;

3) бюджетті әзірлеу сатысында занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестиацияларды іріктеу.

Бюджеттік инвестиациялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі занды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салудың орындылығы, негізділігі жөніндегі мәліметтерді және нәтижесін бағалауды қамтитын құжатты білдіреді.

Яғни, бюджеттік бағдарлама әкімшісімен занды тұлғаны дамыту мақсаттары үшін занды тұлғаның жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен ұлғайту рәсімдері сақталмаған.

**9-тармақ.** Осылайша, Бюджет кодексінің 3 бабының 1-тармағының 12-4) тармақшасының және 4 бабының 9) тармақшасының талаптары сақталмай, мекеменің негізгі қызметімен байланысты емес жаңадан сатып алынған көлік құралдары өз мақсатында пайдалану үшін кәсіпорындардың тенгеріміне беріліп, мекеме тарарапынан шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын құжаттар негізінде жоспарламау салдарынан **барлығы 43 580,0 мың теңге қаржының тиімсіз жоспарлануына** алып келген.

Нәтижесінде **9 мекемеде барлығы 133 672,8 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған.**

#### *Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты туралы*

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылым қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Занының 60 бабы 7-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының зандамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде құрылышы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып есептеледі.

**10-тармақ.** Алайда, Отыrap ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде Бюджет кодексінің 4 бабының 6, 9, 12) тармақшаларында көрсетілген бюджет жүйесінің нәтижелік, негізділік және тиімділік принциптері сақталмай, 2022-2023 жылдары 1 инвестициялық жобалар бойынша жобалық-сметалық құжаттамалардың мерзімі өтіп кетуіне байланысты, қайта түзетуге бюджеттен бөлінген **жалпы 6 385,2 мың теңге қаржы тиімсіз жұмсалған**.

Осы текстес бұзушылық Отыrap ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімінде де орын алған.

Атап айтсак, 2019 жылды «Шәуілдер ауылындағы №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11 екі пәтерлі коммуналдық тұрғын үй құрылышы» объектілері бойынша 10 дана жобалау-сметалық құжаттамалары әзірленіп, сараптаманың он қорытындылары алынған және аталған жобаларды 2020-2022 жылдары іске асыру көзделгенімен **жобалар іске асырылмаған**.

**Осыдан кейін** Мекеме тарарапынан аталған **жобалау-сметалық құжаттамаларға түзету жұмыстары** жалпы сомасы **5 174,1 мың теңгеге жүргізіліп**, 2022 жылдың қазан айында сараптаманың он қорытындылары алынған.

Осы сияқты, «Қоғам ауылдық округі Мыңшүкір е/м «Әл-Фараби» шағын ауданында №12, №13, №14, №15, №16, №17, №18, №19, №20, №21 көпқабатты тұрғын үйдің құрылышы» объектілері бойынша **жобалау-сметалық құжаттамаларға түзету жұмыстары** 2022 жылдың жалпы сомасы **95 047,0 мың теңгеге жүргізіліп**, 2022 жылдың тамыз және қараша айларында сараптаманың он қорытындылары алынған.

Сонымен қатар, **Мекеме тарапынан жоғарыда аталған жобалардың іске асырылмауын ескермestен**, қосымша тағы екі пәтерлі коммуналдық тұрғын үй объектілері бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы өзірлеу үшін 2022 жылы қаржы қарап, 2022 жылы түзілген шарттардың негізінде **жалпы сомасы 4 815,8 мың теңгеге** «Шәуілдер ауылындағы №12, №13, №14, №15, №16, №17, №18, №19, №20, №21 екі пәтерлі коммуналдық тұрғын үй құрылышы» объектілері бойынша **жобалау-сметалық құжаттамалары өзірленген**. Аталған жобалау-сметалық құжаттамаларға 2022 жылдың тамыз айында сараптаманың оң қорытындылары алынған.

Алайда 2022 жылы 20 дана түзету енгізілген және 10 дана өзірленген жобалық-сметалық құжаттамалар бойынша 2023-2024 жылдарға құрылыш жұмыстарына қаржы қаралмаған, сондай-ақ Отырар ауданының 2025 жылға арналған бюджетінде жоғарыда аталған нысанға қаржы жоспарланбаған және қаржы жоспарланбау тәуекелі жоғары екендігін көрсетеді.

Сол сияқты, «Отырар ауданы, Шәуілдер ауылындағы жаңа шағын ауданда кітапхана салу құрылышы» жобасы бойынша 2018-2019 жылдары жобалау-сметалық құжаттамасы өзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынған және аталған жоба 2020-2022 жылдары іске асыру көзделгенімен жоба іске асырылмаған.

Осыдан кейін 2022 жылы «Отырар ауданы, Шәуілдер ауылындағы жаңа шағын ауданда кітапхана салу құрылышы» объектісі бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға түзету жұмыстары жүргізіліп, ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысы алынып, жалпы сомасы **12 739,9 мың теңге қаржы жұмсалған**.

Алайда осы түзету енгізілген жобалық-сметалық құжаттама бойынша 2023-2024 жылдарға құрылыш жұмыстарына қаржы қаралмаған, сондай-ақ Отырар ауданының 2025 жылға арналған бюджетінде жоғарыда аталған нысанға қаржы жоспарланбаған және қаржы жоспарланбау тәуекелі жоғары екендігін көрсетеді.

**11-тармақ.** Осылайша, Бюджет кодексінің 4 бабының 6), 9), 12) тармақшаларында көрсетілген бюджет жүйесінің нәтижелік, негізділік, тиімділік принциптері сақталмай, түзету енгізілген және өзірленген жобалық-сметалық құжаттамаларға бюджеттен бөлінген **жалпы сомасы 117 776,9 мың теңге қаржы тиімсіз жұмсалған**. Бұл ретте, бюджетті жоспарлау және қалыптастыру сатысында жергілікті атқарушы органдар тарапынан өзірленген жобалау-сметалық құжаттамаларды ары қарай іске асуы көзdemейді.

**12-тармак.** Бұдан бөлек, Бюджет Кодексінің 4 бабының (*тиімділік қағидаты – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең уздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті өзірлеу және атқару*) 12) тармақшасының және 104-1 бабының талаптары сақталмай, З мекемеде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын, зейнетакы жарнасы мен жеке табыс салығын уақтылы аудармағаны үшін 288,0 мың теңге өсімпұл (*Көксарай ауыл округі – 1,0 мың теңге, Белсенді ұзақ өмір КММ - 44,0 мың теңге, Тек қогам КММ – 243,0 мың теңге*), Белсенді ұзақ өмір

КММ-де тенгерімге берілмеген ғимаратқа жөндеу жұмыстарын жүргізгені үшін 5 800,0 мың теңге, сондай-ақ Тен қоғам КММ-де қызметтік автокөлігінің М-32 трассасында жылдамдықты асырғаны үшін 30,6 мың теңге айыппұл және жалға алғып отырған ғимаратта 3 бірлік күзетші қаралғанына қарамастан, қосымша қаралған 1 бірлік қарауылдың айлық жалақысына 3 549,2 мың теңге жергілікті бюджет есебінен төленіп, бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

Осылайша, жалпы тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының сомасы 3 мекемеде **9 667,8 мың теңгені** құраған.

### ***Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар туралы***

Аудиторлық іс-шара аясында 30 аудит объектілерінде жалпы 118 бірлікті (бюджет заңнамасының бұзушылықтары - 61, Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнама бұзушылықтары - 19, өзге де салалық заңнама бұзушылықтары - 38) құрайтын рәсімдік сипаттағы кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды.

Осы анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтардың бірқатарына тоқталып өтсек.

*Аудит барысында жүргізілген талдау, мемлекеттік аудит объектісінің қызметтін регламенттейтін құжаттардың мынадай кемшіліктерін көрсетті:*

Мәселен, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘРПК) талаптарына сәйкес, Мемлекеттік органдың мәртебесі мен өкілеттіктері мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалады және Мемлекеттік органдың құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындау мәселелері бойынша ереже бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 01 қыркүйектегі №590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік органдың құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 1-қосымшасына сәйкес, Мемлекеттік органдың құрылымдық бөлімшесі туралы ереженің улгілік нысаны көзделген.

**13-тармақ.** Алайда, аудан әкімі аппараты тарапынан құрылымдық бөлімдердің мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындау мәселелері бойынша «Мемлекеттік органдың құрылымдық бөлімшесі туралы ережесі» уақтылы әзірленбекен және бекітілмеген.

Осылайша, ҚР ӘРПК-нің 40 бабының 3-тармағының және Қағидалардың 1-қосымшасының талаптары сакталмаған.

Сондай-ақ, ҚР ӘРПК-нің талаптарына сәйкес, Мемлекеттік орган өз қызметтін ұйымдастыру және ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламент қабылдайды. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктің отырыстарын дайындау және өткізу, сондай-ақ оның шешімдер қабылдау тәртібі әкімдіктің регламентінде айқындалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі №546 қаулысымен бекітілген Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгі регламентіне сәйкес, Отырар ауданы әкімдігінің Регламенті, Отырар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қарашадағы №351 санды қаулысымен бекітілген.

Ал, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Облыс (респубикалық маңызы бар

қала, астана) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің үлгі регламенттерін бекіту туралы» 2001 жылғы 24 сәуірдегі №546 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы 2023 жылғы 13 шілдедегі №563 қаулысымен күші жойылып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №123 бұйрығының 2-қосымшасымен «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламенті» қайта бекітілген.

**14-тармақ.** Алайда, **Отырар ауданы әкімдігінің Регламенті**, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламентіне сәйкес қайта бекітілмеген.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №123 бұйрығының 2-қосымшасының талаптары сақталмай, Отырар ауданы әкімдігінің Регламенті, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, уақтылы өзектендірілмейтінін көрсетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 01 қыркүйектегі №590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ереженің 5-тарауы 26-тармағына сәйкес, Мекеменің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі көрсетілуі тиіс.

**15-тармақ.** Алайда, Отырар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қарамағындағы бағынысты болып табылатын Төң қоғам КММ және Белсенді ұзак өмір КММ-і, Мекеме Ережесінің 5-тарауында көрсетілмеген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 01 қыркүйектегі «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» №590 қаулысымен Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі Нұсқаулық (әрі қараі – Нұсқаулық) бекітілген. Осы Нұсқаулықпен Мемлекеттік орган туралы үлгілік ереже бекітілген.

**16-тармақ.** Алайда, Ішкі саясат, құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімінің Ережесі, Нұсқаулықпен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережеге сәйкес әзірленбеген және уақтылы өзектендірілмеген.

Осылайша, Нұсқаулықтың 5 және 6-тармақтарының талаптары сақталмаған.

**17-тармақ.** Одан басқа, Төң қоғам КММ-нің бекітілген ережесінің 28-тармағында, егер Қазақстан Республикасының зандарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі Отырар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады деп қате көрсетілгені талдау барысында анықталды.

Осындай жағдай Экономика және қаржы бөлімінде де орын алып, бөлім қызметін қаржыландыру Республикалық және жергілікті бюджеттерден,

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан)** жүзеге асырылады деп, ереженің 11-тармағында қате көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі №1202 бұйрығына 1-қосымшамен Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысы (жалпы ережесі) бекітілген.

Бекітілген мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысында жалпы ережелер, мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі, мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары, мемлекеттік мекемені басқару, мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі, мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі, мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары және мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер тарауларға бөлініп көрсетіліп, үлгі жарғының (жалпы ереженің) құрылымы көрсетілген.

**18-тармақ.** Алайда, Жастар ресурстық орталығы КММ-нің Ережесі Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысының (жалпы ережесінің) **талаптарына сай бекітілмеген**.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі №1202 бұйрығының 1-тармағы 1) тармақшасының талабы сақталмаған.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мекеменің ережесін (жарғысын) қалыптастыру кезінде формальды тәсілді көрсетеді және уақтылы өзектендірілмейтінін байқатты.

Бұдан бөлек мемлекеттік органдар өз қызметін тоқсанға, бір жылға және ұзақ мерзімді перспективаға арналып жасалатын жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асыруы тиіс.

**19-тармақ.** Алайда, аудан әкімі аппаратында 2022, 2023, 2024 жылдары Ережеде айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін міндеттер мен функцияларды іске асыру кезінде, мекеменің жұмыс жоспарлары тоқсанға және жылға жасалмай, тек құрылымдық бөлімдердің жылдық жұмыс жоспарлары бекітілген және оларды орындау нәтижелері бойынша есептілік толық емес. Бұл біздің ойымызша, басқару шешімдерін қабылдау үшін елеулі кемшілік болып табылады.

Ал аудандық құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімінде мекеменің тоқсанға, жылға арналған жұмыс жоспарлары бекітілмеген, сәйкесінше оларды орындау нәтижелері бойынша есептілік қалыптастырылмаған.

Аудиттің пікірінше, Мекеменің жұмыс жоспарлары мен оларды орындау жөніндегі есептер, Мекеменің алдында тұрған барлық іс-шаралардың мәнін ашады, тиісінше есептердің болмауы қызметкерлердің алға қойылған міндеттерді сапасыз және уақтылы орындаудауына әкеледі. Бұл жағдайдаң негізгі себебі, Мекеме қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу және орындау кезінде басшылық құрамы тарапынан тиісті бақылаудың болмауымен

байланысты.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 39 бабының 2 және 3-тармақтарының талаптары сақталмаған.

Кәсіпорынның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен реттелген.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін реттейді, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау принциптерін, негізгі сапалық сипаттамалары мен ережелерін белгілейді.

Бухгалтерлік құжаттама бастапқы құжаттарды, бухгалтерлік есеп тіркелімдерін, қаржылық есептілікті және есеп саясатын қамтиды.

Есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға, шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа және бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктері негізге алына отырып, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін дара кәсіпкер немесе ұйым қолдануға қабылдаған нақты принциптерді, негіздерді, ережелерді, тәртіп пен практиканы білдіреді.

**20-тармақ.** Алайда, Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңның 8 бабы 1-тармағы 1) тармақшасының талабы бұзылып, Мәдениет сарайы МҚҚҚ-ның 2022, 2023 жылдың **есеп саясаты бекітілмеген және келісілмеген**.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және салықтық есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) осы Кодекстің талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі салықтық есепке алу болып табылады.

Есепке алу құжаттамасы бухгалтерлік құжаттаманы, бастапқы есепке алу құжаттарын, салық нысандарын, салықтық есепке алу саясатын, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттарды қамтиды.

Салықтық есепке алу саясаты – Салық кодексінің талаптарын сақтай отырып, салықтық есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейтін салық төлеуші (салық агенті) қабылдаған құжат. Әрбір салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алу саясатын дербес әзірлейді және бекітеді.

**21-тармақ.** Алайда, Салық кодексінің 190 бабы 6-тармағының талабы сақталмай, Мәдениет сарайы МҚҚҚ-ның 2022, 2023 жылдың **салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі салықтық есепке алу саясаты бекітілмегені анықталды**.

Бұдан бөлек, Мемлекеттік мүлік туралы Заңының 140 бабы, 2-тармағына сәйкес «коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді» делінсе, осы Заңының 186 бабында «акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендерінің (кірістерінің) көлемін, коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін (жарғылық капиталдағы қатысу улесін) жергілікті атқарушы орган белгілейді» делінген.

**22-тармақ.** Алайда, ауданның коммуналдық меншігіндегі 2 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі және 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің кірістерінің көлемі белгіленбебен, яғни **аудан әкімдігінің қаулысымен бекітілмеген**.

Осылайша, Мүлік туралы Заңының 140 бабының 2-тармағының және 186 бабының талаптары сақталмаған.

Аудит кезеңінде, әлеуметтік сала қызметкерлерінің біліктілік талаптарының сәйкестігіне (жеке іс қағазына) талдау жүргізіліп, төмендегі мәнжайлар анықталды. Атап айтсақ:

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 14 тамыздағы №350 бұйрығымен әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптары бекітіліп, 2023 жылдың 01 шілдесіне дейін қолданыста болған. Осыдан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 05 маусымдағы №201 бұйрығымен әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі – *Біліктілік талаптары*) қайта бекітіліп, 2023 жылдың 01 шілдесіне қолданысқа енген.

Осы Біліктілік талаптарының 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес, әлеуметтік қорғау саласындағы келесі әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын ұсынады:

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскер;
- 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- 4) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

5) мүгедектігі бар балаларды және он сегіз жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

Сондай-ақ, Біліктілік талаптарының 2-тармағымен «әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскердің біліктілігіне қойылатын талаптар», 3-тармағымен «Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың біліктілігіне қойылатын талаптар», 4-тармағымен «Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның біліктілігіне қойылатын талаптар», 5-тармағымен «Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік

қызметкерге қойылатын біліктілік талаптар», 6-тармағымен «Мүгедектігі бар балаларды және психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкерге қойылатын біліктілікке қойылатын талаптар» айқындалған.

**Мәсәлен, Біліктілік талаптарының 2-тармағындағы Әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскердің біліктілігіне қойылатын талаптар:**

**біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:**

**жоғары санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**екінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім, мамандығы бойынша жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Ал, Тәң қоғам КММ-нің әлеуметтік жұмыстарды айқындаушы және бағалаушы әлеуметтік қызметкері (20.06.2023 жылғы №96 бұйрықпен қабылданған) Нәсір Дидар Мақсұтұлының мамандығы жоғары білім, **қаржы мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры** берілген, яғни бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскердің біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеген.

Сол сияқты, Біліктілік талаптарының 5-тармағындағы **Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкерге қойылатын біліктілік талаптарында:**

**біліктілігі жоғары деңгейдегі маманға:**

**жоғары санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман лауазымында кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**екінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық)

білім және санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

**біліктілігі орташа деңгейдегі маман:**

**жоғары санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**екінші санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және санаты жоқ біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім немесе негізгі орта білім және әлеуметтік даярлық туралы сертификат.

Ал, Тен қоғам КММ-нің жалғызлікті қарттарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінде 18 бірлік (бөлім менгерушісі – 1, әлеуметтік кеңесші – 1, әлеуметтік қызметкер – 16) әлеуметтік қызметкер жұмыс атқарады, алайда жалғызлікті қарттарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері (06.10.2024 жылғы №111 бүйрекпен қабылданған) Халиқ Хадиша Нұрланқызы, 2016 жылы «М.Сапарбаев» атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтын құқықтану мамандығы бойынша диплом алса, Мамыкова Нурила Елтайқызы, 2014 жылы «Тұран-Астана» университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамындығы бойынша диплом алған.

Сондай-ақ, Біліктілік талаптарының 6-тармағындағы **Мүгедектігі бар балаларды және психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкерге қойылатын біліктілікке қойылатын талаптар:**

**біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:**

**жоғары санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман лауазымында кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**екінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім және санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, педагогикалық, медициналық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

**біліктілігі орташа деңгейдегі маман:**

**жоғары санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**екінші санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және санаты жоқ біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім немесе негізгі орта білім және әлеуметтік даярлық жөніндегі сертификат.

Ал, Тең қоғам КММ-нің мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінде 21 бірлік (*бөлім менгерушісі – 1, әлеуметтік кеңесші – 1, әлеуметтік қызметкер – 19*) әлеуметтік қызметкер жұмыс атқарады, алайда осы бөлімшениң әлеуметтік қызметкери (*03.10.2024 жылғы №122 бүйрықпен қабылданған*) Сейітжан Жадыра Ақжолқызы, 2016 жылы «М.Әуезов» атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша диплом алса, Аркабаева Кулайша Куралбаевна, 1992 жылы Цениноградтың механико-технологиялық техникумын «сүт және сүт тағамдарының технологиясы» мамандығы бойынша диплом алған. Осы текстес, осы бөлімшениң әлеуметтік қызметкерлері А.Байболова «Дарын» колледжін бастауыш білім беру мамандығы бойынша, Ш.Нышаналиева «Аймақтық әлеуметтік-инновациялық» университетін биология мамандығы бойынша диплом алған.

Осы текстек заң талаптарын сақтамау, Белсенді ұзақ өмір КММ-де де орын алған.

Мысалы, Біліктілік талаптарының 3-тармағындағы **Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың біліктілігіне қойылатын талаптарда:**

**біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:**

**жоғары санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**екінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде бір жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Ал, Белсенді ұзак өмір КММ-нің 1 бірлік әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант Мелдехан Нұрсултанның білімі жоғары, мамандығы мемлекеттік және жергілікті басқару болып табылады, яғни әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеген.

Сол сияқты, Біліктілік талаптарының 4-тармағындағы **Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның біліктілігіне қойылатын талаптарда:**

**біліктілігі жоғары деңгейдегі маман:**

**жоғары санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде екі жыл жұмыс өтілі;

**екінші санаттағы** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

**біліктілігі орташа деңгейдегі маман:**

**жоғары санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және бірінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

**бірінші санаттағы** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және екінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

**екінші санат** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және санаты жоқ біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

**санаты жоқ** – техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Ал, Белсенді ұзак өмір КММ-де 4 бірлік әлеуметтік қызметкер жұмыс атқарады, алайда **3 әлеуметтік қызметкердің біліктілігі** әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарына **сәйкес келмесе** (*Орынбасарова Нұргул – жоғары білім, есеп және аудит, Шырынхан Ақсұлтан – жоғары білім, кәсіптік оқыту, Тастанкул Камшат – техникалық және кәсіптік білім (колледж), ақпараттық жүйелер мамандықтары*), **1 әлеуметтік қызметкердің біліктілігі**, жұмысқа түрған сэтте әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарына **сәйкес келмеген** (*Сұлтанмұрат Шолпан, бірінші алған мамандығы орта білім (колледж), ферма шаруашылығы мамандығы, екінші алған мамандығы жоғары білім,*

педагогика және психология мамандығы), яғни 2022 жылдың 06 қаңтарында мекеменің әлеуметтік қызметкері болып жұмысқа тағайындалғанда білімі орта (колледж), ферма шаруашылығы мамандығы болған. Тек жоғары білім, педагогика және психология мамандығын 2023 жылдың 23 мамырында алған.

Сол сияқты, 1 бірлік «Бақытты жанұ» секторының менгерушісі Құдайберген Бауыржанның білімі жоғары, мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы болса, 1 бірлік «Әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу» секторының менгерушісі Оспан Бейбіттің білімі жоғары, құқықтану мамандығы берілген. Ал, 1 бірлік еңбек терапиясы нұсқауышы Бектаева Лайла Шолпанкулқызының бірінші алған білімі орта білім, мамандығы тігін жабдықтарының операторы, жеңіл көйлектер тігуші-тігінші (*Қарабұлақ №2 оқу өндірістік орталығы*), екінші алған білімі жоғары, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы берілген.

**23-тармақ.** Осылайша, Тен қоғам КММ мен Белсенді ұзақ өмір КММ тараптарынан Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 05 маусымдағы №201 бүйрүғымен бекітілген Әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарының 2, 3, 4, 5 және 6-тармақтары сақталмаған.

Бұл жағдайдың негізгі себебі, Мекеменің кадр ісі жөніндегі қызметкердің заң талаптарының сақтамауынан және басшылық құрамы тараптын тиісті бакылау мен қадағалаудың болмауымен байланысты. Алдағы уақытта қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алу қажет.

Бұдан бөлек, Тен қоғам КММ-де мүгедектігі бар балаларға арналған «Күндізгі қатынау» бөлмесі ашылған. «Күндізгі қатынау» бөлмесі жихаздармен, төсек жабдықтарымен, арнайы ойын құралдары мен ойыншықтармен жабдықталған. Балаларға әлеуметтік маман, педагог-психолог мамандар қызмет көрсетеді. Балаларға жеңіл ас мәзірі, яғни, жеміс-жидектер, сусындар және сүт өнімдері қарастырылған. «Күндізгі қатынау» бөлмелеріне жеке оңалту бағдарламасында көрсетілген 14 мүгедектігі бар бала қызмет алады.

Тен қоғам КММ Ережесінің 13-тармағының (32), (33), (35) тармақшаларына сәйкес, Тен қоғам КММ-і мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- стационар және жартылай стционар жағдайларында заттай тамақтану нормаларына сәйкес диеталық тамақтануды қоса алғанда, тамақ ұсыну;
- стационар және жартылай стционар жағдайында түрғын алаң, биімделген орынжайлар мен құрылғылар, сондай-ақ оңалту, емдік, білім беру, мәдени іс-шараларды, діни рәсімдерді өткізу үшін жиһаз бен арнайы құралдармен жабдықталған орынжайлар беру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну;
- стационар және жартылай стционар жағдайларында медициналық-әлеуметтік тексеруді, медициналық процедураларды, оңалту мен емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу;

- дәрігерге дейінгі және алғашқы медициналық-санитарлық көмек, дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуда көмек көрсету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №263 бүйрығының 1-қосымшасымен «Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты», 2-қосымшасымен «Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты» бекітілген.

Осы бүйрықтың 1-қосымшасымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартының 25-тармағының 2) 3) және 11) тармақшаларына сәйкес, Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсетуге:

- тұрғын жай беру, оның ішінде балаға, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаға кемінде төрт шаршы метр және он сегіз жастан асқан адамға, мүгедектігі бар адамдарға, қартқа кемінде бес шаршы метр жатын бөлмелерін беру;

- оңалту, емдеу, білім беру, мәдени іс-шараларына, діни рәсімдерді жасауға, еңбекпен емдеу қызметін ұйымдастыруға, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, тұрмыстық бағдарлау негіздеріне үйретуге арналған жиһазben және (немесе) мамандандырылған жабдықтармен жабдықталған орынжай беру;

- тұрмыстық қызметтерімен қамтамасыз ету (*кір жуу, кептіру, үтіктөу, іш күімді, күімді, төсек-орын жабдықтарын дезинфекциялау*) жатады.

Ал, бүйрықтың 2-қосымшасымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартының 17-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес, Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерге:

- жиһазben және тұрмыска бейімдеуді, оңалту, емдеу, білім беру, мәдени іс-шараларын ұйымдастыруға арналған мамандандырылған жабдықтармен жабдықталған орынжай беру;

- диеталық тамақтандыруды қоса алғанда, тамақ ұсыну жатады.

Алайда, Тең қоғам КММ-нің күндізгі қатынау бөлмесі оңалту, емдік, білім беру, мәдени іс-шараларын ұйымдастыру (өткізу) үшін жиһаз бен арнайы құралдармен жабдықталған орын жайлармен толық қамтамасыз етілмеген. Яғни, Тең қоғам КММ-нің күндізгі қатынау бөлмесі екі бөлмеден тұрады, оның ішінде бір бөлмеде емдік, психология мамандар, сондай-ақ асхана, тамақтану орны орналасса, екінші бөлмеде білім беру, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру (өткізу), демалу орындары орналасқан.

**24-тармақ.** Осылайша, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №263 бүйрығының 2-қосымшасымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартының 17-тармағының 2) және

3) тармақшаларының талаптары сақталмай, Төң қоғам КММ-нен қызмет алатын 14 мүгедектігі бар балаға әлеуметтік қызмет көрсету үшін **күндізгі қатынау бөлмесі** жиһазбен және тұрмысқа бейімдеуді, оналту, емдеу, білім беру, мәдени іс-шараларын ұйымдастыруға арналған мамандандырылған жабдықтармен жабдықталған орынжайлармен толық **стандартқа сәйкес жабдықталмаған**.

Аудиттен кейін Отыrap ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №260 қаулысымен Төң қоғам КММ-нің штаттық саны мен құрылымы қайта бекітіліп, нәтижесінде Төң қоғам КММ-нің күндізгі қатынау бөлмесі стандартқа сәйкес келмеуіне байланысты жабылған.

**Бұдан бөлек, аудит объектілерінде жиі орын алатын рәсімдік сипаттағы кемшіліктер мен бұзушылықтар:**

- бюджеттік өтінімнің бюджетті нақтылау және түзету жағдайларында сәйкестендірілмеуі;
- бюджеттік өтінімді жасау барысында тауар құнының бірлігі үшін негіздеуші құжаттардың толық ұсынылмауы;
- бюджет шығыстарының тиісті бюджеттік бағдарлама арқылы дұрыс жоспарланбауы;
- бюджеттік бағдарламалардың бекітілмеуі немесе мерзімінен кешіктіріліп бекітілуі;
- бюджеттік бағдарламалардың (өзгерістерді қоса алғанда), мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісілмеуі;
- бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізілуін айқындайтын түпкілікті нәтиже көрсеткішінің болмауы;
- бекітілген және нақтыланған бюджеттік бағдарламаларды интернет-ресурсында орналастырылмауы;
- бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есептің жасалмауы;
- мекеменің құрылымы мен штат саны лимиттеріне өзгерістер енгізілмей, уақтылы өзектендірілмеуі;
- бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүргізу талаптарының сақталмауы;
- негізгі құралдарға түгендеу жұмыстарының жүргізілмеуі;
- дебиторлық және кредиторлық берешектердің орын алуы;
- жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыскерге жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарлауға міндетті тиісті кезең ішінде төленуге тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәліметтердің хабарланбауы;
- келісім шарттың қазынашылық басқармасында тіркелемей төлемдер мен ақша аударымдар жүргізуі;
- даму жоспарын іске асырудың орындалмаған нысаналы индикаторлары міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланбауы;
- даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасы бекітуші органның қарауына кеш ұсынылуы.

Бұған жол берудің себептері, қолданыстағы **заннама талаптарын сақтамау**, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен зандылығы бөлігінде **басшылық тарапынан әлсіз бақылау** болып табылады.

Корыта келгенде, Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заннамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

### **2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік беліністе).**

Отырар ауданында өнеркәсіп, шағын және орта бизнес, туризм, білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт, тұрғын үй құрылышы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүйелері, аббаттандыру және көгалдандыру салаларындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар ретінде әкімдікке қарасты мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қызметін талдау жалпы аудит объектілерімен іске асырылатын міндеттер мен функциялар Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген.

2022 жылы бюджеттің кіріс бөлігі 4 рет нақтыланып, нәтижесінде аудандық бюджеттің бастапқыда бекітілген кірістер көлемі 14 580 871,0 мың теңгеден 15 587 525,0 мың теңгеге немесе 1 006 654,0 мың теңгеге көбейтілген. Ал, аудандық бюджеттің өзіндік кірістері 1 484 344,0 мың теңгеден 1 800 651,0 мың теңгеге дейін немесе 316 307,0 мың теңгеге ұлғайған, яғни 121,3 % артқан.

Аудандық бюджеттің кіріс бөлігінде салықтық түсімдер – 11,8 % немесе 1 844 500,5 мың теңгені, салықтық емес түсімдер – 0,01 % немесе 16 453,0 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 0,1 % немесе 15 957,9 мың теңгені, трансфертердің түсімдері – 87,3 % немесе 13 607 132,0 мың теңгені қураған.

2022 жылдың қорытындысымен жалпы кірістер жоспары 15 587 525,0 мың теңге, орындалғаны 15 484 093,5 мың теңге, 103 431,5 мың теңгеге немесе 99,3 пайызға кем орындалған.


Аудан бюджетінің кірістер бөлігі 2023 жыл бойына 3 рет нақтылау, 4 рет түзетулер кезінде 391 630, мың теңгеге ұлғайып, 9 553 149,0 мың теңге сомасында анықталған.

2023 жылғы аудан бюджетінің кірістері бойынша нақты орындалғаны 9 565 503,8 мың теңгені құрап, жоспар (9 553 149,0 мың теңге) 100,1 % орындалған немесе 12 354,8 мың теңге жоспардан артық түскен.

2024 жылғы аудан бюджетінің кірістер бөлігі 8 575 654,0 мың теңгеге, оның ішінде аудан бюджетінің өзіндік кірістері 3 072 547,0 мың теңгеге нақтыланған.

2024 жылдың 6 айының қорытындысымен аудан бюджетінің кірістерінің көлемі 143 758,4 мың теңгеге артық орындалған, немесе жоспар 105,5% орындалған (6 айдағы жоспары – 2 621 385,0 мың теңге).

**2022-2024 жылдардағы өзіндік кірістер мен жоғары тұрган бюджеттен бөлінген трансфертердің көлемі (мың теңге)**



Аудандық бюджеттің атқарылуын талдау 2022 және 2024 жылдар аралығында өзіндік кірістердің жыл сайынғы өсімі орта есеппен 31% құрағанын көрсетеді. Жоғары тұрган бюджеттен бөлінген трансфертерді 2022 жылмен салыстырғанда трансфертердің жыл сайын орта есеппен 33 % азауы байқалады.

2024 жылды аудандық бюджетті түзету барысында бюджет шығындарының көлемі 731 363,0 мың теңгеге немесе 8,6 % ұлғайған. Бұл көрсеткіш 2023 жылды 5,2 % және 2022 жылды 7,9 % құраған.

**Аудандық бюджеттің шығыстарының  
2022-2024 жылдардағы бекітілген және түзетілген көлемі**

Жыл	Бекітілген бюджет	Түзетілген бюджет	мың теңге	
			Өсу сомасы	Өсу пайызы
2022 жыл	15 272 982,0	16 477 414,0	1 204 432,0	7,9
2023 жыл	9 241 396,0	9 720 296,0	478 900,0	5,2
2024 жыл	8 469 367,0	9 200 730,0	731 363,0	8,6

Аудандық бюджетте қаражаттың басым бөлігі әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік функционалдық тобына бағытталған.

**2022-2024 жылғы аудандық бюджет шығыстарының  
Орындалуы**

Жыл	Түзетілген бюджет (2024 жылдын байдағы жоспары)	Нақты орындалуы	Орындалмау сомасы	Түзетілген бюджетке орындалу пайызы
2022 жыл	16 477 414,0	16 290 854,7	-186 559,3	98,9
2023 жыл	9 720 296,0	9 700 093,8	-20 202,2	99,8
2024 жыл	2 649 558,0	2 646 123,9	-3 434,1	99,9

2022-2024 жылдары аудандық бюджеттің шығыстарының орындалу серпіні жақсарған, тиісінше игерілмеген қаржының көлемі жылдан-жылға азайып бара жатқанын көрсетеді. Яғни, 2022 жылы аудандық бюджеттің шығыстары 186 559,3 мың теңгеге игерілмеген болса, 2023 жылы 20 202,2 мың теңге игерілмеген немесе игерілмеген қаржының көлемі 9,2 есеге азайған.

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының қалалар, аудандар бөлінісінде нысаналы индикаторлардың декомпозициясына сәйкес, Отырар ауданына 2022 жылы іске асыруға 3 бағыт бойынша 11 мақсат, 41 нысаналы индикатор қарастырылған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 37 (90,2%) индикаторға нақты қол жеткізілген, 4-не қол жеткізілмеген. Ал 2023 жылдың қорытындысымен жоспарланған 43 нысаналы индикатордың 38-і (88,4%) орындалған, 5 индикаторға қол жеткізілмеген.

#### Әлеуметтік сала

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде 2022 жылы 3419 және 2023 жылы 3595 азамат жұмыспен қамту шарапарына жолданған. Оның ішінде:

тұрақты бос жұмыс орындарына 2022 жылы 1466 азамат жолданса, 2023 жылы 1993 азамат жоланған;

қайтарымсыз мемлекеттік грант 2022 жылы 78, 2023 жылы 65 азаматқа берілген;

2022 жылы кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға 752 азамат және 2023 жылы 723 азамат жолданған;

субсидияланатын жұмыс орындарына 2022 жылы жолданғандар 1123 құраса, 2023 жылы 1316 азамат;

сәйкесінше жастар практикасына 2022 жылы 258 азамат, ал 2023 жылы 280 азамат жолданған;

2022 жылы әлеуметтік жұмыс орындарына 143, 2023 жылы 237 азамат жолданған;

қоғамдық жұмыс орындарына 2022 жылы жолданғандар 697 азамат болса, олардың саны 2023 жылы 690;

алғашқы жұмыс орнына 2022 жылы 9 азамат жолданып, ол көрсеткіш 2023 жылы 64 азаматты қураған;

2022 жылы күміс жас жобасына 15 азамат, 2023 жылы 45 азамат жолданған;

Сондай-ақ 2022 жылы ұрпақтар келісім шартына 1 азамат жолданған.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 10 мың түрғынға 100 тұрақты жұмыс

орындарын ашу тапсырмасына сәйкес ауыл округтерінде 2022 жылы 371 тұрақты жұмыс орындары ашылса, 2023 жылы 669 азамат тұрақты жұмыспен қамтылған.

«Ұлттық жоба қуатты өнірлер-ел дамуының драйвері» аясында 18 жобаға 107 азамат жұмыс орнына жолданған.

2022 жылдың 12 айында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 417 отбасы өтініш білдіріп (2461 адамға) 134,8 млн. теңгеге әлеуметтік көмек тағайындалған.

2023 жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 306 отбасы (1905 адам) өтініш білдіріп, 129,1 млн. теңгеге атаулы әлеуметтік көмек берілген.

Кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсыну бойынша 2022 жылы 25,5 млн. теңгеге 1-6 жасқа дейінгі 408 балалар 4263 дана азық-түлік жиынтығы және 1441 дана гигиеналық құралдар жиынтықтарымен қамтамасыз етілген.

2023 жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың 1-6 жасқа дейінгі 586 балаларына 23,3 млн. теңге көлемінде кепілдендірілген әлеуметтік топтама берілген.

Халықтың неғұрлым әлжуаз топтарының өтініштері «Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» комиссиясында қаралып, 256 азаматқа 30,3 млн. теңгеге қаржылай әлеуметтік көмек беріліп, нәтижесінде аз қамтамасыз етілген азаматтардың жалпы халыққа шаққандағы үлесі 3,7 пайызды құраған.

### **Мәдениет саласы**

Мәдениет саласында 1 аудандық, 9 ауылдық мәдениет үйі, 9 ауылдық клуб, 1 орталық кітапхана, 1 балалар кітапханасы, 23 ауылдық кітапханалар, 1 тілдерді оқыту және дамыту орталығы халыққа тұрақты қызмет көрсетуде.

Отырар ауданы бойынша 2022 жылы жалпыхалықтық 1010 іс-шара өтіп, оған 49 299 аудан тұрғындары қатысқан болса, 2023 жылы 851 іс-шараға қатысқан аудан тұрғындарының саны 42 425 жеткен.

### **Ауыз су**

2022 жылы Отырар ауданында 38 елді мекеннің 33 елді мекені сапалы ауыз сумен қамтылған (86,8 пайыз).

Қалған елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамту үшін (*Бестам, Ызакөл, Жанкел, Сырдария е/м*) жер асты су қоры бекітіліп, 2022-2024 жылдары Бестам, Ызакөл, Жанкел елді мекендеріне ауыз су құрылышы жүргізіліп, пайдалануға берілген. Ақкөл елді мекеннің жер асты су қорына геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде аудан бойынша 36 елді мекен орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылған (50718 адам немесе 98,2%).

Балтакөл, Маяқұм, Ақкүм және Жана Шілік елді мекендеріндегі ауыз су желілерінің тозығы жетуіне орай күрделі жөндеу жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленіп, 2023 жылы сараптама қорытындысы алынған.

### **Табиғи газбен қамту**

Ауданды табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында 2014-2017 жылдары автоматтандырылған газ тарату станциясы (АГТС) салынып, Шәуілдір елді

мекеніне дейін 51,4 шақырым газ құбыры тартылған.

2022 жылға 13 елді мекеннің газ құрылышы біткен. Оның ішінде 12 елді мекен табиғи газға қосылған.

2023 жылы 19 елді мекенге табиғи газ берілген. (*Халық саны-35412, абонент саны-5017, Газга қосылған елді мекендер: Ақтөбе, Жаңа Шілік, Есқі Шілік, Қарақоңыр, Қарғалы, Ш.Қалдақов, Мыңшүқыр, Ынталы, Қогам, Бестораңғыл, Ақтам, Талапты, Шәуілдір, М.Шойманов, Арыс, Шытты, Қекмардан, Сарықөл, Сырдария е/м*).

Сонымен қатар, Сырдария өзенінің батыс бөлігінде орналасқан 12 елді мекеннің жобалық сметалық құжаты әзірленуде (*халық саны -14312, абонент-2243: Аққұм, Жанкел, Қексарай, Ызакөл, Шенгелді, Қостерек, Бестам, Маяқұм, Үштам, Қолқұдық, Балтакөл, Ақкөл е/м*).

### **Автокөлік жолдары**

Аудан көлеміндегі жалпы автокөлік жолдарының ұзындығы – 863,25 шақырымды құрайды. Оның ішінде 587,83 шақырым жол қанағаттанарлық жағдайда (68 %).

2022 жылы аудан бойынша 26 көшеге орта және ағымдағы жөндеу (19,9 шақырым, 14,5 орта, 5,3 ағымдағы) жұмыстары жүргізіліп пайдалануға берілген, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қанағаттанарлық дәрежедегі жолдардың ұзындығы 261,5 шақырым немесе 61,1% жеткен.

2023 жылы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында 518,4 млн. теңгеге 19,6 шақырымды құрайтын 10 ішкі көше және жергілікті бюджет қаржысы есебінен 417,9 млн. теңгеге 24,3 шақырымды құрайтын 17 көше орта жөндеуден өткізілген.

Облыстық маңызы бар КХ-190 «Түркістан-Шәуілдір-Төрткөл» автокөлік жолының 32-101 шақырым аралығына (70 шақырым) күрделі жөндеу жұмыстары 4 кезеңге бөлініп атқарылуда.

### **Жарықтандыру**

2022 жылы «Оңтүстік Жарық Транзит» серіктестігінің инвестициялық бағдарламасына сәйкес бірқатар жұмыстар атқарылған. Атап айтқанда:

- Ақтөбе, Балтакөл, Аққұм, Шәуілдір, Отыrap ауыл округтерінде 0,4 кВ төменгі кернеулі 15 шақырым электр желілері толығымен ауыстырылды, сондай ақ, атальған ауылдарда 4 дана жаңа трансформаторлар орнатылған.

2022 жылы аудандық бюджет есебінен «Қоғам елді мекені Ұ.Арғынбеков даңғылындағы (ауыл әкімшілігі мен Арыстанбаб кесенесі аралығы) жаңа тұрғын үйлер алабын электрмен қамту желілерінің құрылышы (сметалық құны – 18,1 млн теңге) және Темір ауылының Р.Әбдірайымов көшесі бойындағы жеке тұрғын үйлерді электрмен қамту құрылышы (сметалық құны – 28,1 млн теңге) жүргізіліп, атальған нысандар пайдалануға берілген.

Отыrap ауданында 38 елді мекен (100,0%), орталықтандырылған электр желісіне қосылған.

2023 жылы 6 елді мекендердегі 9 көшени (Кексарайдан Аққұм ауылы багыты 2 км, Кексарай е/м Сенгірбеков көшесі, Ақкөл е/м-Азаматов көшесі, Сарықөл е/м-Ш.Қалдақов көшесі, Арыс е/м-Ағыбаев көшесі, Шәуілдір ауылы-Төлбасиев,

*Құлбатыров, М.Әуезов, Шытты ауылы-М.Сәрсенбаев көшесі)* жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілген.

«Түркістан облысы Отырар ауданының Қарғалы а/о трансформатор қуаттылығы 2500 кВА электр қосалқы станциясы құрылышы» нысанына жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптама қорытындысы алынған (сметалық құны – 328,6 млн. теңге).

### **Абаттандыру**

2022 жылы Шәуілдір ауылы М.Әуезов көшесіне (сметалық құны 45,2 млн. теңге) және Мыңшұқыр ауылына көп функционалды спорттық ойын алаңшаларының (сметалық құны 35,0 млн. теңге) құрылышы жүргізіліп, пайдалануға берілген.

2022 жылы аудандық бюджет есебінен 4 елді мекенге (*Балтақөл, Шытты, Қарғалы, Қостерек, құны 83 млн. теңге*) спорт және балалар ойын алаңшаларын салынған.

Сондай-ақ, Темір ауылындағы М.Әлиев көшесін абаттандыру жұмыстарына (сметалық құны 94,15 млн. теңге) қаржы қаралып, құрылышы жүргізіліп пайдалануға берілген.

Жергілікті бюджеттен Мыңшұқыр ауылындағы 11 көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттері мен балалар ойын алаңшаларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген (құны – 7,0 млн. теңге).

2023 жылы 5 елді мекенде балалар ойын алаңшасы салынып, 4 нысан пайдалануға берілген (*Ескі Шілік, Ш.Қалдаяқов, Ақтөбе, Аққұм е/м. Қоғам е/м 2024 жылға өтпелі, Сметалық құны-126,4 млн. теңге*).

6 елді мекенде спорт ойын алаңшалары абаттандырылған (*Талапты, Шәуілдір, Жаңа Шілік, Арыс, Көлкүдық, Маяқұм е/м, сметалық құны-163,7 млн. теңге*).

Ауданға қарасты 8 елді мекеннің 10 көшесіне аяқ жол төсөлген. (*Ескі Шілік, Көксарай, Отырар, Ақкөл, Көлкүдық, Шәуілдір, Қарғалы, Маяқұм е/м сметалық құны-188,6 млн. теңге*).

Шілік және Ш.Қалдаяқов ауылдарының кіре беріс көше бойы абаттандырылып, пайдалануға берілген.

Одан бөлек, Шәуілдір-Темір автокөлік жолының ортасын көгалданыру, Шәуілдір-Темір елді мекендерін сәулептік жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Аталған нысандар 2024 жылға өтпелі.

### **Тұрғын үй қоры**

Қазіргі таңда Отырар ауданында тұрғын үйге кезегіне 2382 мұқтаж азаматтар тіркелген.

2021-2022 жылы көпбалалы отбасыларға 10 үй сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға берілсе, 2023 жылдың сонында әлеуметтік осал топтар санатына 20 тұрғын үй сатып алынып, тұрғын үй қатынастары туралы заңына сәйкес кезектілік тәртібімен берілген.

### **Құрылыш саласы**

2021 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы аясында құрылышы басталған құны 49,1 млн. мың теңгені құрайтын Шәуілдір

ауылдағы Қызыл Түркістан жаңа тұрғын алабын ауыз сүмен жабдықтау құрылышы 2022 жылдың тамыз айында пайдалануға берілген. Нәтижесінде жоба бойынша 135 жеке тұрғын үйлерге арналған жер участекері ауыз сүмен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген 135 жеке тұрғын үйлерге арналған жер участекерін электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында жалпы конкурстық құны 114,2 млн. теңге болатын Шәуілдір ауылдағы Қызыл Түркістан жаңа тұрғын алабын электр қуатымен қамтамасыз ету жүйесінің құрылышы жүргізіліп 2023 жылдың маусым айында пайдалануға берілген.

2023-2024 жылдары Темір ауылдағы жаңа тұрғын алабының электр жүйесімен қамтамасыз ету құрылышына 466,4 млн. теңге қаржы қаралып, толығымен игерілген. 2024 жылдың мамыр айында пайдалануға берілген.

2023 жылы «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында Ақтөбе, Шойманов ауылдарындағы 150 орындық мәдениет үйлерінің құрылышына бюджеттен 1 013,9 млн. қаржы қаралып, 2024 жылдың тамыз айында пайдалануға берілген.

Шәуілдір ауылдағы жаңа ықшам ауданында газ құбырын салу үшін республикалық бюджет есебінен қаралған 231,3 млн. теңге толығымен игеріліп (жалпы құны 350,8 млн. теңге), қазіргі таңда облыстық бюджеттен 30,4 млн. теңге қаралып, құрылыш монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, Мыңшүқыр елді мекеніндегі 18 пәтерлік үш қабатты 10 тұрғын үйдің (әр қайсысының сметалық құны 304,0 млн. теңге), Шәуілдір ауылдағы жаңа мөлтек ауданынан екі пәтерлік 20 тұрғын үйдің (әр қайсысының сметалық құны 53,0 млн. теңге) жобалау-сметалық күжаттамалары әзірленген.

2024 жылы Ұлттық қор есебінен Талапты ауылдағы жаңа тұрғын алабының инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылышына 377,7 млн.теңге (су жүйесі – 182,8 млн. теңге, электр жүйесі – 194,9 млн. теңге) қаралып, құрылыш монтаж жұмыстары жүргізілуде. Нысан 2025 жылға өтпелі.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде 509 жер участекі газбен, 629 жер участекі электр желісімен, 186 жер участекі ауызсұмен қамтылатын болады.

Сонымен бірге 2024 жылы облыстық бюджет есебінен Ш.Қалдаяқов ауылдағы шағын футболға арналған жабық спорт залының (сметалық құны 781,7 млн. теңге, конкурстық құны 741,0 млн. теңге) құрылышына 150,0 млн. теңге қаралып, құрылыш монтаж жұмыстары жалғасуда. Нысан 2025 жылға өтпелі.

2024 жылы облыстық бюджет есебінен «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында салынатын мектепке интернет желісін тарту (15,5 млн.н теңге) мен көріз, электр қуатымен қамтамасыз ету (25,3 млн. теңге) құрылышына жалпы 40,8 млн. теңге қаралып, жұмыстар жүргізілуде.

Тұрғын үйлер сатып алу бойынша 2024 жылы Республикалық бюджет және Ұлттық қор есебінен тұрғын үй кезегіндегі халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтарға 50 тұрғын үй сатып алу мақсатында 719,1 млн. теңге қаралып, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде.

Жобалау-сметалық құжаттамаларын өзірлеу жұмыстары бойынша 2024 жылы Жаңа Шілік ауылындағы 150 орындық мәдениет үйінің (*сметалық құны – 667,2 млн. теңге*), Шәуілдір ауылындағы аудандық әскерге жинақтау пунктінің (*сметалық құны – 155,3 млн. теңге*), Темір (*сметалық құны 608,3 млн. теңге*), Көксарай (*сметалық құны 600,2 млн. теңге*) ауылдарындағы жабық спорт аландарының жобалау-сметалық құжаттамалары өзірленіп, сараптама қорытындылары алынған. Сонымен қатар, Шәуілдір ауылындағы көркем сурет галлареясының, Көксарай ауылындағы 200 орындық және Қоғам ауылындағы жаңа тұргын алабының инженерлік-коммуникациялық жүйелері (*су, электр қуатымен қамтамасыз ету*) құрылышының 2-кезегі) жобалау-сметалық құжаттамалары өзірленуде.

Осылайша Отырар ауданы бойынша 23 бюджеттік бағдарлама әкімшісі аудан бюджетінен қаржыландырылып, мемлекеттік мекемелермен бюджеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы өнір халқының өмір сұру сапасын арттыра отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысады.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар**

Мемлекеттік аудит объектілерінде анықталған бұзушылықтарды аудит объектілері назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы, аудиторлық іс-шараның негізгі және қорытынды өзірлеу кезеңінде барлық қаржылық бұзушылықтардың қалпына келтірілуғе жататын **172 624,8 мың теңге толығымен қалпына келтіріліп**, өтелуге жататын 107 196,7 мың теңгенің **104 216,0 мың теңгесі өтелген** (*оның ішінде бюджет қаражасты пайдалану кезінде анықталған қаржылық бұзушылықтар бойынша 31 418,3 мың теңге, бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар бойынша 72 797,7 мың теңге*).

***Анықтама ретінде, аудит объектілері бойынша қалпына келтірілгендер:***

- 1) «Отырар ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 88,2 мың теңге;
- 2) «Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 344,0 мың теңге;
- 3) «Шілік ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 224,7 мың теңге;
- 4) «Отырар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ – 5 801,5 мың теңге;
- 5) Тәң қоғам КММ – 98 437,8 мың теңге;
- 6) Белсенді ұзақ өмір КММ – 21 143,4 мың теңге;
- 7) «Отырар ауданының тұргын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ – 31 286,4 мың теңге;
- 8) Отырар қызмет МКК – 7 800,0 мың теңге;
- 9) Отырар-2050 КММ – 951,8 мың теңге;
- 10) «Отырар ауданының құрылыш, саулет және қала құрылышы бөлімі» ММ – 6 547,0 мың теңге.

***Өтмелгендер:***

- 1) «Қоғам ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 33,7 мың теңге;
- 2) «Қарғалы ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 55,1 мың теңге;
- 3) «Аққұм ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 58,7 мың теңге;
- 4) «Отырар ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 21,6 мың теңге;
- 5) «Маяқұм ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 146,3 мың теңге;

- 6) «Темір ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 20,0 мың теңге;  
 7) «Шілік ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 29,9 мың теңге;  
 8) «Талапты ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 46,5 мың теңге;  
 9) «Көксарай ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 41,9 мың теңге;  
 10) «Балтақөл ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 53,4 мың теңге;  
 11) «Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 608,6 мың теңге;  
 12) «Қарақоңыр ауыл округі әкімінің аппараты» ММ – 34,5 мың теңге;  
 13) Тек қозам КММ – 21 225,8 мың теңге;  
 14) Белсенді ұзақ өмір КММ – 4 203,7 мың теңге;  
 15) «Отырар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ – 162,5 мың теңге;  
 16) «Отырар ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ – 120,9 мың теңге;  
 17) Жастар ресурстық орталығы КММ – 535,1 мың теңге;  
 18) «Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – 22,5 мың теңге;  
 19) Мәдениет сарайы МКҚҚ – 424,5 мың теңге;  
 20) Отырар кітапхана жүйесі КММ – 58,8 мың теңге;  
 21) Отырар спорт клубы КММ – 1 700,3 мың теңге;  
 22) «Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ – 12,9 мың теңге;  
 23) «Отырар ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ – 52,9 мың теңге;  
 24) «Отырар ауданының құрылымы, сәулет және қала құрылышы бөлімі» ММ – 1 748,2 мың теңге;  
 25) Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы – 72 797,7 мың теңге.

Сонымен қатар, барлығы **29 жауапты лауазымды тұлғаларға** (Отырар ауданы әкімінің аппараты – 1, Ақжүм ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Отырар ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Шауілдір ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Шілік ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Көксарай ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Балтақөл ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Қарақоңыр ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Маяқүм ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Темір ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Қарғалы ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты – 1, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі – 3, Белсенді ұзақ өмір КММ – 2, Тек қозам КММ - 2, Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі – 1, Ішкі саясат бөлімі – 1, Мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімі – 1, Мәдениет сарайы МКҚҚ – 1, Отырар кітапхана жүйесі КММ – 1, Тілдерді оқыту және дамыту орталығы КММ – 1, Отырар спорт клубы КММ – 1, Тұргын үй-коммуналдық шаруашылық, жсолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі – 1, Құрылымы, сәулет және қала құрылышы бөлімі - 2) **тәртіптік шаралар қолданылған** (қалпына келтірілген, өтелген және тәртіптік шара туралы мәліметтер №1 қосымаада қоса тіркеледі).

Мемлекеттік аудит нәтижесімен анықталған бұзушылықтарға жол берген «Отырар аудандық мәслихат аппараты» ММ, Отырар ауданы әкімдігінің «Қоғам ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, «Талапты ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар қызмет МКК, Отырар-2050 КММ, «Отырар ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ және Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында жауапты тұлғалардың жұмыстан босап кетуін, сонымен бірге теріс қылыш анықталған күннен бастап үш ай және тәртіптік жаза қолдану мерзімінің (1 жыл) өтіп кетуін ескере келе, тәртіптік жауапкершіліктің қолданылуы нұсқама жіберу барысында назарға алынды (Еңбек кодексінің 66 бабы

және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадагы «Мемлекеттік қызмет» туралы №416-В Заңының 45-бабы).

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша 11 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жолданып, нәтижесінде 10 материал бойынша 1 930,0 мың теңге айыппұл салынса, 1 материал бойынша әкімшілік іс қозғаудан бас тартылған (әкімшілік құқық бұзушылық материалдар бойынша мәліметтер №2 қосынышада қоса тіркеледі).

### **3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

**Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші:** *Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендеңі арақатынасы.*

Жүргілген аудит нәтижелері көрсеткендегі аудит объектілерінің өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті. Дегенмен, аудит барысында бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Атап айтқанда, Отырар ауданы әкімдігінің Экономика және қаржы бөлімінің, Құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімінің, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, Ішкі саясат бөлімінің, Жастар ресурстық орталығы КММ мен Тең қоғам КММ ережелерінің (жарғыларының) үлгілік ережеге сәйкес әзірленбеуі және уақтылы өзектендірілмеуі, мекеме қызметін қаржыландыру көздерінің және ведомстволық бағынысты мекемелерінің дұрыс көрсетілмеуі орын алған.

Аудан әкімдігінің жұмыс регламенті Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістерді ескере отырып уақтылы өзектендірілмейді.

Сонымен бірге аудан әкімі аппараты тарапынан құрылымдық бөлімдердің мәртебесі мен өкілдіктерін айқындау мәселелері бойынша «Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережесі» уақтылы әзірленбеген және бекітілмеген.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мекеменің ережесін (жарғысын) қалыптастыру кезінде формальды тәсілді көрсетеді және уақтылы өзектендірілмейтінін байқатты.

Аудан әкімі аппаратында 2022, 2023, 2024 жылдары Ережеде айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін міндеттер мен функцияларды іске асыру кезінде, мекеменің жұмыс жоспарлары тоқсанға және жылға жасалмай, тек құрылымдық бөлімдердің жылдық жұмыс жоспарлары бекітілген және оларды орындау нәтижелері бойынша есептілік толық емес. Бұл біздің ойымызша, басқару шешімдерін қабылдау үшін елеулі кемшілік болып табылады.

Ал аудандық құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімінде мекеменің тоқсанға, жылға арналған жұмыс жоспарлары бекітілмеген, сәйкесінше оларды орындау нәтижелері бойынша есептілік қалыптастырылмаған.

Бұдан білек, мекемелерде іссапарға жіберілген қызметкердің іссапар шығындарын төлеу кезінде Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы

11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қагидалары талаптарының сақталмауы;

- 2022, 2023 және 2024 жылдардағы кезеңдерде аудит объектілерінде қызметкерлер жалақысының артық аударылуы;

- бюджетке түсетін түсімдердің уақтылы түспеуі;

- әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарының сақталмауы;

- мугедектігі бар балаға әлеуметтік қызмет көрсету үшін күндізгі қатынау бөлмесінің мамандандырылған жабдықтармен жабдықталған орынжайлармен толық стандартқа сәйкес жабдықталмауы;

- Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде дебиторлық, кредиторлық берешектерді жасыруы, бухгалтерлік есеп жазбаларында анықталған қателерді түзету операциялары негізсіз жасау, қорлар мен активтерді негізсіз есептен шығару, ұзақ мерзімді қаржы инвестициялардың шоғырландырылған бухгалтерлік баланста көрсетілмеу фактілерінің орын алу жағдайлары барын көрсетті.

Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, аудит барысында бюджет, құрылыш және қала құрылышы заңнамаларының талаптарын сақталмау, бухгалтерлік есепті дұрыс емес жүргізу және қаржылық есептілікті бұрмалау, бюджеттік өтінімдерде қамтылған есептеулерге ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы, бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштерін әзірлемеу немесе сапасыз әзірлеу, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану бойынша проблемалар мен кемшіліктер анықталды.

Қорытындылай келгенде, аудит объектілерінде анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамауынан және мемлекеттік аудит объектісінің қызметтің регламенттейтін құжаттардағы кемшіліктерден, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен зандылығы бөлігінде басшылық тарарапынан бақылаудың өз деңгейінде болмауынан орын алған.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

### **3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар**

1. «Отырар ауданының түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуіне, бюджет қаржыларының жұмсалуына және бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Отырар ауданы әкімдігі мен аудандық мәслихат аппаратына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпарат жолдансын.

3. Жалпы, аудиторлық іс-шараның негізгі және қорытынды өзірлеу кезеңінде қаржылық бұзушылықтар бойынша 172 624,8 мың теңгенің қалпына келтірілгені, 104 216,0 мың теңгенің өтелгені және аудит объектілері бойынша 29 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылғаны, сондай-ақ аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша 11 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар әкімшілік іс жүргізуі қозғау үшін уәкілетті органға жолданғаны назарға алынын.

**4. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын.**

**Отырар ауданы әкімдігінің «Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін өтелуге жататын 2 980,7 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу шаралары қабылдансын.

**5. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында аудит объектілерінде анықталған олқылықтар мен кемшіліктер бойынша ұсынымдар жолдансын.**

**Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін Отырар ауданы әкімдігінің жұмыс регламентін және құрылымдық бөлімшениң ережесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, өзектендіру және бекіту ұсынылсын.

**Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімінің ережесін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру ұсынылсын.

2) 2025 жылдың 30 мамырына дейін мынадай:

- Жергілікті атқарушы органның қаулысымен мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару және бөлу нормативтерін бекіту;

- Жергілікті атқарушы органның қаулысымен аудандық коммуналдық мешіктегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің кірістерінің көлемдерін белгілеу ұсынылсын.

**Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін Отырар ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімінің ережесін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру ұсынылсын.

**Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін Отырар ауданының ішкі саясат бөлімінің ережесін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру ұсынылсын.

**Отырар ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін мекеменің ережесін (жарғысын) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру ұсынылсын.

**Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін Отырар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ережесін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру ұсынылсын;

2) 2025 жылдың 30 мамырына дейін Отырар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 10 қыркүйектегі «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимиттері туралы» №186 қаулысымен (соңғы рет Отырар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 сәуірдегі №157 қаулысымен 7 бірлікке бекітілген. Оның ішінде 1 – мекеме басшысы, 2 – сектор менгерушісі, 1 – азаматтық хал ақтілерді тіркеу жөнінде бас маман, 3 – бас маман) бекітілген мекеменің құрылымын сәйкестендіру ұсынылсын.

**Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, деңе шынықтыру және спорт бөлімінің «Отырар аудандық мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына:**

1) 2025 жылдың 30 мамырына дейін мынадай ішкі құжаттар бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын:

-Кәсіпорынның есеп саясатын бекіту және келісу;

-Кәсіпорынның салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі салықтық есепке алу саясатын бекіту.

## **6. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі У.Сейсенбаев:**

1) тиісті органдарға нұсқама мен ұсынымдардың жолдануын қамтамасыз етсін;

2) айлық жалақыға артық аударылған қаржыны өтеу бойынша мемлекеттік аудит объектісі нұсқаманы орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, қылмыстық құқық бұзылуышылық белгісі бар материалдарды мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының тиісті дәлелдерімен бірге процестік шешім қабылдау үшін қылмыстық кудалау органдарына жолдауды қамтамасыз етсін.

### **3.4. Қосымша:**

1) Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі;

2) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;

3) «Отырар ауданының түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсіне, бюджет қаржыларының жұмсалуына және бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына аудит жүргізу» мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар тізбесі 3 парагата (№3-1 қосымша);

4) Мемлекеттік аудит және аудиторлық қорытынды өзірлеу барысында қалпына келтірілген, өтелген қаржылар туралы, сондай-ақ көрілген тәртіптік шаралар туралы мәліметтер 8 парақта (*аудиторлық қорытындыға №1 қосымша*);

5) Аудиторлық іс-шараның қорытындысымен әкімшілік іс жүргізуі қозғау үшін үәкілетті органдарға жолданған 11 материалдар туралы, сондай-ақ үәкілетті органдармен қабылданған шаралар бойынша мәліметтер 3 парақта (*аудиторлық қорытындыға №2 қосымша*).

Тексеру комиссиясының мүшесі

У.Сейсенбаев

**№1 мемлекеттік аудит бөлімінің  
басшысы-мемлекеттік аудиторы  
(топ жетекшісі)**

X.Таженов

**Сапаны бақылау және  
құқықтық қамтамасыз ету  
бөлімі басшысының м.у.а.**

С.Бекбауов

**Аудиторлық іс-шараны жүргізген  
мемлекеттік аудиторлар:**

**№2 мемлекеттік аудит бөлімінің  
басшысы-мемлекеттік аудиторы**

M.Жанибеков

**№1 мемлекеттік аудит бөлімінің  
бас инспектор-мемлекеттік аудиторы**

З.Бегімбетов

**№2 мемлекеттік аудит бөлімінің  
бас инспектор-мемлекеттік аудиторлары**

E.Нұрмаханов

Н.Стамкулов

Л.Ажибаева